

Аудандық ауылдық елді мекендеріне 2012 жылы жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына қолдау көрсету туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2012 жылғы 28 наурыздағы № 13 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 9 сәуірде № 3-4-145 тіркелді. Орындау мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2013 жылғы 17 қаңтардағы № 04-13/13 хатымен

Ескерту. Орындау мерзімі аяқталуына байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2013.01.17 № 04-13/13 Хатымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдесіндегі № 66 "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18 бабының 8 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» Қаулысына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ауданның ауылдық елді мекендеріне 2012 жылы жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына:

1) арыз берген кезінде жетпіс еселік айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде
к ө т е р м е ж ә р д е м а қ ы ;

2) бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік несие түрінде тұрғын үй алу үшін әлеуметтік қолдау көрсетілсін.

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

М. Жұмағазы

Мәслихат хатшысы

Б.Турлыбаев

